

Ауылдардың тұрмысы түзеліп, шаруасы ширай түседі



Аймақ басшысы айтылған ұсыныстардың барлығы аяқсыз қалмайтынын жеткізді. Жауапты басқарма басшыларына тапсырма жүктеп, жұртшылық ұсынысына қатысты жұмыс істеуге нұсқау берді.

– 2012 жылы Алдашбай ахун ауылындағы ұзындығы 4,5 шақырым болатын «Шәймерден» каналы 8,1 млн теңге қаржыға тазаланған. Біз бұған электрлі немесе дизельді моторды биылдан қалдырмай орнатуды жоспарлап отырмыз, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Оспанов.

Аяқсу мәселесі Төребай би ауылында да көзғалды. Су айдайтын электрлі насос қондырғысы биыл сатып алынбақ. Құны 8,1 млн болатын жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім берілген.

Ал Иіркөл елді мекенінің халқы ұялы байланыс пен ішкі көшелерді жөндеуге көмек сұрайды. Аталған мәселелерді шешуді аудан әкімі М.Қалдарбеков өз жауапкершілігіне алып, ұсыныс-өтініштердің орындалуын жеделдететінін жеткізді.

– Мемлекет басшысының талабы – біріншіден, халықтың ауызбірлігі. Екіншіден, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтың арасын қысқарту. Ауылдардың әлеуетін көтеру бірінші орында тұруы тиіс. Бұл сапарымыздың мақсаты – ел-елді аралап, сіздердің жағдайларыңызды көзбен көру. Көріп қана қоймай, кемшілік пен жетіспеушіліктің себебін анықтап, айтылған мәселелер бойынша жұмыс жүргізу, – деді аймақ басшысы аудан тұрғындарымен

1-бет.



кездесуде.

Сонымен қатар облыс әкімі Ақай ауылы, Төреғам кенті, Қармақшы ауылдық округтерінде болып, тұрғындар көтерген мәселелерді мұқият тыңдады, жауапты тұлғаларға тапсырма берді. Ақайлықтар газға қосылу мәселесін қозғайды. Бүгінде Байқоңыр қаласы “көгілдір отын” тұтынып отыр. Іргесіндегі Ақай мен Төреғам елді мекендерін газдандыру үшін тиісті жұмыстар атқарылуда.

Аймақта күрші өсіруде алдыңғы орында келе жатқан Жаңажол, Тұрмағанбет, III Интернационал, Ақжар сияқты ауылдардағы шаруашылықтар жетістігін өзге ауылдарға үлгі етіп, ризашылығын жеткізді. Айта кету керек, бұған дейін облыстағы тіректі елді мекендер байқауында Қармақшы ауданының III Интернационал ауылы жеңімпаз атанып, 10 млн теңге сыйақы алған болатын. Ал биыл 90 жылдығын тойлағалы отырған «Жаңажол» ЖШС күрші өнімділігін арттыруда үздіктер сапында.

– 1930 жылы майда колхоздардың бірігуімен жасакталған шаруашылықтың құрылғанына биыл 90 жыл толды. Сонау 1990 жылы сол кездегі төраға Болатбек Сүлейменовтің ұйытқы болуымен 60 жылдығын атап өткенбіз. Ірі шаралар ұйымдастырылып, шаруашылық үздіктері марапатталған. Осы ауылдың алға басуына, көп жұрттан көш ілгері болуына бірден-бір үлес қосып отырған «Жаңажол» серіктестігі. Дикандар егіс көлемін арттырып, жылдағы дәстүрмен қырманды толтырмақ, – дейді Дүр Оңғар ауылының ақсақалы Серікбай Айманов.

Киелі Қорқыт ата жеріндегі ауылдарды аралап, ауданда мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын назарға алып, халықтың ахуалымен жақын танысқан Қуанышбек Ысқақов тұрғындар көтерген барлық мәселе жiтi бақылауда болатынын жеткізді.

Суреттерді түсірген **Б.ЕСЖАНОВ.**
Қызылорда-Қармақшы-Қызылорда.

ҚАБЫЛДАУ

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов мемлекет және қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкір мен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қызылорда облыстық ұйымының төрағасы Сәдуақас Аңсатты қабылдап, мерейтойларымен құттықтады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Мерейтой иелеріне құрмет



– Сыр бойы ел үшін аянбай еңбек етіп, өзінің адалдығымен, парасаттылығымен ел аузында, халықтың оң назарында жүрген азаматтарға кенде емес. Біз де оларға лайықты құрмет көрсетіп, габратты ғұмырын басқаларға үлгі, жастарға өнеге етуді дәстүрге айналдырып келеміз. Бүгін саналы ғұмырында елеулі еңбек етіп, тіл жанашырлары ретінде қазақ тілінің өркендеуіне үлес қосып келе жатқан ағаларымыз – Әбдіжәлел Қошқарұлын 80 жас, Сәдуақас Әбдіқадырұлын 75 жасқа толған мерейтойымен құттықтауға жиналып отырмыз, – деді облыс әкімі.

Әбдіжәлел Бәкір еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, партия, комсомол органдарында түрлі жауапты қызметтер атқарған. Мәжіліс депутаты ретінде еліміздегі «БАҚ туралы», «Жарнама туралы», «Тіл туралы» Заңдардың қабылдануына ерекше үлес қосқан. «Алаш қозғалысы саяси топ басшыларының әлеуметтік көзқарастары» атты жоғары оқу орындарына арналған оқу құралын дайындаған.

Сәдуақас Аңсат мемлекеттік қызметпен қоса түрлі қоғамдық жұмыстарға араласқан. 2010 жылы «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының» облыстық филиалының төрағасы болып сайланған. 2013 жылы қоғам жанынан республикалық «Тіл сақшысы» газетін ашып, күні бүгінге дейін басшылығын бас редакторы қызметін атқарып келеді.

Аймақ басшысы мерейтой иелерін құттықтап, Әбдіжәлел Бәкірге «Құрмет» грамотасын, ал, Сәдуақас Аңсатқа «Құттықтау хатын» табыстады. Дәстүрге сай иықтарына шапан жапты.

Қабылдауда Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер Тұрғанбай Маханов, ақын Махмұтбай Әміреұлы және қоғам қайраткері Бақберген Досманбетов жылы лебіздерін білдіріп, ақ тілектерін арнады. Өз кезегінде мерейтой иелері де ілтипат білдірген облыс әкіміне, ел азаматтарына алғыс айтты.

Төтенше жағдайда табандылық танытқан



Жуырда облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығының» құрылғанына 20 жыл толды. Атаулы дата ескерусіз қалған жоқ. Мәлімді ҚА.ЛЫМБЕТ.

Кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында салтанатты шара өтіп, мереке иелеріне құрмет көрсетілді. Шараға облыс әкімінің кеңесшісі Сержан Наметша, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шәменов қатысып, шынайы лебізін білдірді.

– Сіздер үшін «қорқамын, қолымнан келмейді» деген сөз мүлде жат. Төтенше жағдайды асқындырмай, қандай оқиға болмасын, адам өмірін аман сақтап қалу – негізгі миссияларыңыз. Бұл мамандық қай кезде де маңызды жоймайды, – деді С.Наметша.

Сонымен қатар шарада осы орталықты көп жылдар бойы басқарған Наурызбай Қожамжарұлы сөз сөйледі. Облыстағы төтенше

жағдайлардың алдын алу және жою бағытындағы шараларға тоқталып, саланың ерекшелігін тарқатып айтты. Міндетін адал орындап, табандылық танытып жүрген әріптестеріне сәттілік тіледі. Қорытындысында тынымсыз қызмет атқарып, оң нәтиже көрсеткен бір топ қызметкер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Расында, аталған сала кез келген қатер мен сынаққа шұғыл жауап бере алатын икемді әрі жоғары дәрежелі қорғанысқа айналған. Өмірін осы салаға арнаған азаматтар тұтас елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін тынбай тер төгіп, ауыр да абыройлы іс атқарып жүр. Олар кез келген марапатқа, сый-құрметке лайық.

Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы басшысының және оның орынбасарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

№	Қабылдау жүргізетін тұлғаның А.Т.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Тоғызбаев Қайрат Әбенұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның Сәрсенбі күні	15.00-ден 17.00-ге дейін
2	Серікбаев Қанатбек Қуанышұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның Бейсенбі күні	15.00-ден 17.00-ге дейін

Сенім телефоны

Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының мемлекеттік қызметшілерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18

қарашадағы Заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемле-

кеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) талаптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда 8 /7242/ 23-46-48 сенім телефонына жүгінуге болатындығын хабарлайды.

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі

Басқарма басшылығының жеке қабылдауына Әкімшілік бөлімі немесе төмендегі анықтамалық байланыс нөмірі арқылы қажетті ақпарат алуға болады: 8 (7242) 60-54-47

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты
1	Мұбаракөв Қамбарбек Амангелдіұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі, жұма сағ. 16.00-18.00
2	Тлеулеева Айнұр Маратқызы	Басқарма басшысының орынбасары	сәрсенбі сағ. 16.00-18.00
3	Нұрымбетов Сейітбек Серғазыұлы	Басқарма басшысының орынбасары	бейсенбі сағ. 16.00-18.00
4	Банимбетов Ғалым Орынбасарұлы	Басқарма басшысының орынбасары	жұма сағ. 16.00-18.00

Сенім телефондары: 87242 60-54-41, 60-54-47, 60-54-43.

Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының 2020 жылға жоспарланған «Nur Otan» партиясының қоғамдық бөлмесінде жеке қабылдау кестесі

Анықтама телефоны: 8(7242) 60-54-47

Басқарма басшысы	Қабылдау өткізу күні	Қабылдау сағаттары
Мұбаракөв Қамбарбек Амангелдіұлы	05 ақпан 05 мамыр 06 тамыз 05 қараша	Сағат 11:00-13:00

Өткізілетін мекен-жайы: Қызылорда қ. Жақаев к-сі н/з, «Nur Otan» партиясының Қызылорда облыстық филиалының ғимараты.

